



№27 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау туралы

2015 жылғы 1 маусым

Алматы қ.

2015 жылғы 26 мамырда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражаттың жұмсалуды бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) кезекті отырысы өтті. Отырысқа «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Даму» ҚДҚ» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ басшылары қатысты.

Комиссияның отырысында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, «Даму» ҚДҚ» АҚ және Қазақстан Республикасының «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының қатысуымен жүргізілген тексерулер нәтижесі талқыланды.

Отырыстың қорытындылары бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Даму» ҚДҚ» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ екінші деңгейдегі банктермен Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінген қаражатты нысаналы және тиімді жұмсауды қамтамасыз етуге бағытталған қосымша келісімдер жасасуды қамтамасыз ету тапсырылды.

«Даму» ҚДҚ» АҚ-тың ақпараты бойынша, 2014 жылғы көктемде өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК субъектілерінің жобаларын қаржыландыру¹ үшін бөлінген қаражаттың қайталама игерілуі 2015 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 5,410 млрд. теңгені құрайды.

Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру үшін 2014 жылдың соңында бөлінген² 50 млрд. теңгеден «Даму» ҚДҚ» АҚ-тың ақпараты бойынша, 2015 жылғы 25 мамырдағы жағдай бойынша банктер 34,62 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 68%-ына 194 жобаны іс жүзінде қаржыландырды.

Өз кезегінде, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі ірі кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру үшін 2014 жылдың соңында бөлінген 50 млрд. теңгеден 14,209 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 28%-ына іс жүзінде 16 жоба қаржыландырылды.

¹ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 354 қаулысы

² «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1276 қаулысы

Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру үшін 2015 жылы³ бөлінген 50 млрд. теңгеден «Даму» ҚДҚ» АҚ-тың деректері бойынша іс жүзінде банктер 6,602 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 13%-на 58 жобаны қаржыландырды.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша өңдеу өнеркәсібіндегі ірі кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру үшін 2015 жылы бөлінген 50 млрд. теңгеден іс жүзінде 8,491 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 17%-на 9 жоба қаржыландырылды.

Сонымен қатар «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша ҮИИДМБ-2 жобаларын қаржыландыру үшін 2014 жылы бөлінген 50 млрд. теңгеден 2015 жылғы 25 мамырдағы жағдай бойынша, іс жүзінде 4,16 млрд. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 8%-на 1 жоба («АЛТЕЛ» АҚ) қаржыландырылды.

Бұдан басқа, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-тың деректері бойынша отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы жеке тұлғаларды қаржыландыру үшін 2015 жылы бөлінген 15 млрд. теңгеден 2015 жылғы 25 мамырдағы жағдай бойынша, іс жүзінде 827 млн. теңге сомаға немесе бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 6%-на 255 жеке тұлға қаржыландырылды.

	Жыл	Қаржыландыру мақсаты	Бөлінгені	Пайдаланылды (млрд. теңге)	% пайдалану
«ҚДБ» АҚ	2014	Өңдеу өнеркәсібіндегі ірі кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру	50	14,209	28
	2014	ҮИИДМБ-2 жобаларын қаржыландыру	50	4,16	8
	2015	Өңдеу өнеркәсібіндегі ірі кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру	50	8,491	17
	2015	Отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алушы жеке тұлғаларды қаржыландыру	15	0,827	6
«ДАМУ» ҚДҚ» АҚ	2014	Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру	50	34,62	68
	2015	Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыру	50	6,602	13

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 639,

+7 (727) 2704 585,

+7 (727) 3302 497,

e-mail: press@nationalbank.kz,

www.nationalbank.kz

³ «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2015 жылы өңдеу өнеркәсібінде кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 11 наурыздағы №124 қаулысы